

Хромтау ауданының ауылдық округтері мен ауылдарының аттарын өзгерту туралы

Ақтөбе облыстық Мәслихаты мен облыс Әкімінің екінші сессияда 1999 жылғы 17 қарашадағы қабылдаған N 7 шешімі. Ақтөбе облысының Әділет басқармасында 2000 жылғы 14 қаңтарда N 329 тіркелген

Ескерту. Тақырыбында және бүкіл мәтін бойынша "селолық", "селоларының", "селосы" сөздері "ауылдық", "ауылдарының", "ауылы" сөздерімен ауыстырылды - Ақтөбе облысының әкімдігінің 11.12.2015 № 452 қаулысымен және Ақтөбе облыстық мәслихатының 11.12.2015 № 359 шешімімен (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі).

"Қазақстан Республикасының әкімшілік-аумақтық құрылысы туралы" Қазақстан Республикасының 1993 жылғы 8 желтоқсандағы Заңының 11 бабы 4) тармақшасына сәйкес, облыстық Мәслихат және облыс Әкімі **шешім етеді:**

Ескерту. Кіріспеге өзгеріс енгізілді - Ақтөбе облысының әкімдігінің 14.08.2017 № 280 қаулысымен және Ақтөбе облысының мәслихатының 14.08.2017 № 196 шешімімен (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі).

1. Хромтау ауданы мәслихаты мен әкімінің және облыстық ономастикалық комиссиясының ұсыныстары қабылданып және Хромтау ауданындағы:

- Кредиков ауылдық округі Аққұдық ауылдық округі
- Новороссей ауылдық округі Ақжар ауылдық округі
- Новотроицк ауылдық округі Тассай ауылдық округі
 - Кредотовка ауылы Жарбұтақ ауылы
 - Новороссийское ауылы Ақжар ауылы
- Троицкое ауылы Тассай ауылы болып аттары өзгертілсін.

2. Қазақстан Республикасы Үкіметі жанындағы Мемлекеттік ономастика комиссиясының қарауына ұсынылсын.

Облыстық Мәслихат сессиясының төрағасы

Облыс Әкімі